bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:
KZ45VPY00102718
2024

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Шаруаға жер керек. Жерді кім береді?

ЖАРИЯЛАНДЫ	СІЛТЕМЕ
10.02.2024	https://bilimger.kz/149221/

Шаруаға жер керек. Жерді кім береді?

Қазақ халқы ежелден аттың жалында, түйенің қомында өмір сүрген көшпелі және жартылай көшелі ел. Алтай мен Атыраудың, Ертіс пен Еділдің, Арқа мен Алтаудың арасын кең жайлаған, төрт түлік малға жайылым табуда таршылық көрмеген осынау кең сахараны еркін жайлаған халық еді. Не үшін «еді» деген шылау сөзді қосты дейтін боларсыз оған да себеп бар, 1864 жылғы патша реформасы салдарынан Ресейдегі шаруалар қазақ жеріне қоныс аударып, құнарлы жайылымдық жерлердің түгелі дерлік мұжықтардың иелігіне өтті. Патшаның жарлығымен казак әскерлері өзен (Жайық, Ертіс, Есіл) аңғарларына қала, қорғандар тұрғызып жайылымдық жерлерді тіпті азайтып тастады. «Айқап» журналының кезекті санында Жәркент өңірінің тұрғыны Бекимов есімді азаматтың «Қазақ халқы жайынан» атты мақаласында Түркістан уәлаятында қазақ ішінде орнығып жаңадан қала салып отырған қара шекпендер көбейгенін жазып базынасын білдіреді.

Аталған мақалада автор қазақтардың негізгі кәсібі мал шаруалығы екенін жаза келе оларға сарт құсап егін егіп, орыс сияқты қала тұрғызу жат тірлік екендігін айтады. Расында да ежелден ата кәсібі мал өсіру болған қазақ халқына бірден қала салып, егін егу таңсық шаруашылық. Аш адамға алдына бір табақ ет қойып оның аш өзегіне түсіп өліп қалғаны тәрізді қазақтарды да бірден отырықшыландырып, астындағы атын, алдындағы малын тартып алуы өлімге айдағанмен тең еді. Қазақ сауда жасауға да шорқақтау. Базарға барса сарт пен ноғай алдайды. Авторда осыған күйінеді. «Жалғыз-ақ қазақтың шаруасы тарылып, қала болуға үйрене алмай, халық жарлы болып бара жатыр»

Халық қала салуға қарсы емес алайда олардың тұрмыс тірішілігін бірден басқа арнаға бұру өрескел қателік әмбе жайылымдық құнарлы жердің бәрін тартып алып жергілікті халықты нәрсіз, жайылымға қолайсыз жерге ауысытыруы көшпелі тұрмыстағы жұртқа ауыр тиді. Жазушы Ілияс Есенберлиннің «Жанталас» романында қазақтарға Жайық өзенінің жағасына мал жаймауы үшін орыс әскерлері он километрге дейін жерді жылда өртеп жіберіп отырғандығын жазады. Осы сияқты қазақ даласында патшаның қаншама

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

рабайсыз әрекеттері мен жадағай жарлықтары салдарынан бірнеше миллион адам ашаршылыққа ұшырап, қаншамасы шет елге жер ауып кетті.

Мақала авторы Бекимов қазаққа мал шаруашылығын жандандырып жаңа бір арнаға түсіру үшін өкіметтің көмек көрсетіп, халықпен санасуы қажет екенін жазады.

Қазақта дауы ешқашан бітпеген жер дауы мен жесір дауы бар. Аталмыш жазба өз заманының айшықты жағдайларын айна-қатесіз көрсеткен мақала десек болады.

Ерболат Қастер

Журналистика факультеті

1-курс

Жетекшісі: фил.ғ.к.,доцент Р.С.Жақсылықбаева

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.